

Маңғыстаудағы сопылық ілімнің көріністері

Бауыржан Қыдырисламұлы Керимов,

Ақтау қаласы.

Биыл 260 жылдығы тойланғалы жатырған біртуар тарихи тұлға Бекет Ата Мырзағұлұлы жайлы Әбіш Кекілбайұлы: «Иә, Пір Бекеттің біздің рухани дүниемізге қайта оралуы бәрімізді ізгілік пен жақсылыққа, тазалық пен парасаттылыққа, бірлік пен ынтымаққа бастайды. Бекет Атаның екінші өмірі, яғни оны тану енді басталды»- деген болатын [1].

Қазақтың мұсылмандығының бастауы сопылықта (суфизмде) жатқандығы дау тудырмайтын мәселе. Қазақтың бас пірі деп есептелінетін Қожа Ахмет Яссауидің де, одан анағұрлым кейін өмір сүрген қазақтың үлкен пірлерінің бірі болған Бекет Атаның ұстанған жолы – осы сопылық исламның жолы. Суфизмнің түрлі бағыты болғанын да білеміз, бірақ олардың түсін түстеп, жөнін айтуда ештеңе білмейтін, дәрменсіз болып қалатынымыз жасырын емес. Оны түсіндіре алар кісіміз жай ауыл молдасы немесе осы күнгі оқып келіп жүрген молда шәкірті еместігі және түсінікті, оған суфизмнің сан қырлы тұстары мен тарихи жолын тайсақтамай көрсетіп бере алатын дінтанушы ғалым қажет [2].

Бекет Атаның біз білетін төрт мешіті бар. Бірі – өзі жатқан Оғландыда, екіншісі – Ақмешітте: онда атасы Жаналы, әкесі Мырзағұл мен анасы Жәния, баласы Тоғай жерленген, үшіншісі – Бейнеуде: бұл жерден топырақ ағасы Мендікұл мен шөбересі, түбекке танымал әулие Самалыққа бұйырыпты, төртіншісі – Маңғыстаудың ойындағы Тобықтыда. Сондай-ақ, Қабиболла Сыдиықұлы Үстірт үстінде, Аралға жақын маңдағы Байшағыр деген жерде (кейбір деректерде Баялы деп жазылып жүр), ал ақын ағамыз Әбу Сәрсенбаев Мұғалжар тауында Ата мешіттерінің бар екенін айтады.

Ұлан даламыздың ұлы перзенті Бекет Ата Мырзағұлұлы – ислам әлеміне танымал тарихи тұлға. Ол Қабиболла Сыдиықұлы ағамыз айтқандай «бір ғана Қосқұлақтың, не бір ғана Адайдың Бекеті емес, Бекет – қалың қазақтыкі, бүкіл адамзат баласынікі». Оның өмірі мен қадір-қасиеті, ұстаған сопылық жолы жайлы ағылшын, араб, парсы, түрік дін зерттеушілерінің жазбаларында да құнды деректер бар [3].

XIX ғасырда Маңғыстау мен Үстіртті зерттеген орыс саяхатшы-ғалымдарының еңбектерінде де біраз дерек кездеседі. Мәселен, орыстардың 1820-21 жылдары Бұхараға, 1825-26 жылдары Үстіртке жіберген бірінші экспедициясының мүшесі есебінде біздің өңірде болып, артына өлкеміздің тарихы мен табиғаты туралы өте құнды мұра қалдырған Э.Эверсман:

«Үстіртте таудан қашап жасалған мешіттер парсы, араб, татар жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткіш-зираатты Бекет төрт жерден қашаған.

Оның бірі – Маңғыстаудан қашық емес, Оғландыда, екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем өзені бойында, төртіншісі – Арал теңізі жағасындағы Баялыда. Оның бірінде – қыста, екіншісінде – күзде, үшіншісінде – жазда болады екен», - деп жазады. 1794-жылдың 23-қаңтарында неміс жерінде дүниеге келіп, 1860-жылдың 14-сәуірінде Ресейдің Қазан қаласында өмірден өткен, жиырма жасында философиядан, жиырма екі жасында медицинадан докторлық қорғап, 1842-жылы Ресей Ғылым академиясының академигі атанған, неміс, ағылшын, француз, орыс тілдерін жетік меңгеріп, татар тілінде таза сөйлей білген Эдуард Александрович Эверсманнан жеткен Бекет Ата мешіттері жөніндегі осы бір қысқа ғана мағлұмат өлкеміздің өткені жайлы жазылған біраз ғылыми еңбекке негіз болды.

1853 жылы ғылыми экспедицияның құрамында Үстіртте болған Ресей империясы Бас штабының топографы подпоручик А.Алексеев «Солтүстік Үстірттің Ембіге дейінгі аралығының топографиялық сипаттамасы» деген еңбегінде: «Бұдан елу жыл бұрын Жемнің жоғары жағындағы Ақмешітті Бекет Ата жаз отыруға жасатқан екен. Осы мешітте... Бекет ұл балаларды оқытып хат танытқан. Өз ағайындары Маңғыстауға көшіп кеткенде ол азын-аулақ тағаммен тоңғанына, ашыққанына қарамастан сол үңгір мешітте жалғыз қала берген. Жаз шыға туысқандары өлдіге санап, қайта көшіп келсе, ол бұрынғысынан да сау-саламат күйде оларды қарсы алады екен. Оны көрген ел «бағушы құдіретті күші бар» деп сенген, нағыз әулиенің өзі деп түсінген, сондықтан бұл ғажап жанға арналып талай аңыздар, кереметтер тағыла берген, ол бұдан қырық жыл бұрын ... өлген», - деген дерек береді.

Ал 1867 жылы Үстіртте болған экспедиция мүшесі А.Дюгамель: «Ақбор төбенің бетіндегі қасқырдың үңгіріндей тесікке бір адам зорға сиып, үш құлаштай үңгірмен жүргенде ені екі жарым құлаш, биіктігі кісі бойындай дөңгелек киіз үй пішініндегі сағана тамға кіреді. Сыртта құдық бар. Оның оң қапталында тағы бір бөлме. Осылардың арасында сырық тұр.

Жемдегі Ақмешітті бұдан елу жыл бұрын салған. Бекет өлген соң, Оғландыға қойылған», - деп жазады. Белгілі қазақ ғалымы, филология ғылымының кандидаты Қабиболла Сыдиықұлы, «А.Дюгамельдің сипаттап отырғаны Атаның Ақмешіттегі мешіті болуы керек», - дейді.

Бекет Ата исламдағы сопылық жолын ұстаған. Сопы (суфи), сопылық (суфизм) сөзін көптеген дін зерттеушілері арабтың суф – жүн, суфи – жүн шекпен киген адам, сафа – тазалық, сафуа – таңдаулы болу деген сөздерінің бірінен шыққан болар десе, Д.Еремеев оны гректің софия – дана, софос –

даналық деген сөзінен ауысқан деп есептейді. «Мен де осы соңғы пікірге қосыламын. Себебі, суфизм – ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелмеген, қарапайым адам түсініп болмайтын, ұғынуға өте қиын ілім, Суфизм – өмірге нәр беруші ілім, оны тек сопылық жолмен ғана тануға болады», - дейді сейид Идрис Шах [4].

Барлық сопы құмарта оқитын, XIII ғасырда шейх Шахабуддин Сухраварди (1145-1235) жазған «Авариф аль-Маариф» (Тұңғыш білімнің тартуы) кітабын 1891 жылы ағылшын тіліне аударған, Сухраварди сопылық жолының мүшесі, подполковник Вильберфорс Сларк суфизмнің шығу тарихын былайша баяндайды: Мекке мен Мединадағы дервиштер делінетін бір топ адам 623-жылы бір-бірімен достастық пен берілгендікке анттасып, топ құрып, өздерін сопылар деп атаған, сөйтіп, суфизмнің негізін салған. Алғашқы халифтердің екеуі, Әбу Бәкір мен Әли ерекше дене жаттығуларын жасайтын (зікір салатын) адамдардың ұйымын құрған. Осы бағытты ұстанушы Увайс аль-Карани 651-жылы алғашқы «тарика суфийа» (сулук деп те айтылады, батыс ғалымдары орден дейді, сопылық жол, бауырластық) құрады, ал VIII ғасырда Сирияда осы жолды ұстанушылар үшін әдейі ғимарат ашылады. Осылайша өмірге бүгінде бүкіл әлем танитын және танданатын суфизм келеді.

Еуропадағы алғашқы сопылық жол бұдан мың жыл бұрын арабтар жаулап алған Испанияда құрылған, ал ағылшынның суфизм сөзі 1821 жылы латынның суфизмус сөзінен ауысқан. Оған дейін тасаввуф термині қолданылып келген. «Тасаввуф – «сопы болу» деген сөз, мәселен, «танассур» – христиан болу, яғни насрани жолында болу, ал «тафариус» – француз болу деген мағына береді», - дейді фулбрайт грантын алып, суфизм жайлы еңбек жазған Карл Эрнст. Еуропадағы суфизм жайлы тұңғыш кітапты неміс теологы (дінтанушы ғалым) Ф.Толук 1821 жылы латынша бастырып шығарған, тасаввуф сөзін ғылыми сөз қорына қосқан да осы профессор, ал сопылық жолдар жайлы тұңғыш зерттеу жұмысын 1884 жылы Л.Рэни жазған.

Ал ислам ғалымдарының бірі шейх Құрбанәлі қажы Ахмад: «Тасаввуф деген сөздің бірінші мағынасы – сапқа тұру. Қандай сапқа тұру? Жалпы адамзатқа сапқа тұру не үшін керек? Осы сұрақтар негізінде, тасаввуф – ақиқатқа жету үшін сапқа тұру деген сөз деп толық айта аламыз. Яғни, тасаввуф – бұл жалған (фәни) дүниені тәрк етіп, мәңгі (бақи) дүниедегі ақирет жақсылығына бөленгісі келетіндер сапына тұру, Алла Тағалаға ақиқи ғибадат қылушылар сапына тұру деген сөз»- деген болатын [5].

Сырт көзге жұмбақ, өзгеге құпия сопылық жолының рухани басшысын арабтар шейх (ақсақал), парсылар пир (ақсақал), ал қазақтар пір дейді. Ол өзінің тірісінде орнын басатын болашақ пірді анықтап кетеді. Біздің

естуімізше, қазақ жерінде өмір сүрген Қожа Ахмет Яссауи бабамыз да, Бекет Мырзағұлұлы Атамыз да осындай сопылық жолдың пірі болған. Оның екеуі де әулиеліктің ең жоғарғы сатысы «гаус» дәрежесіне жеткен делінеді [6].

Қазақтар ұлыстың діни басшысы болып сайланған әулие адамдарды да пір деп атаған. Мәселен, 1680 жылы Күлтөбедегі жиында Тәуке хан сайланғанда үш жүздің биі аруақ салыстыру арқылы керейт Мүсірәлі Жәдікұлын бүкіл қазақтың пірі етіп сайлап, есіміне «сопы әзиз» деген ат қосады (кие, аруақ туралы ғылым-агиологияда «таңғажайып сайыс» деп аталатын бұл шараға Ұлы жүзден Айқожа, Орта жүзден Шортанбай қожа, Кіші жүзден Мүсірәлі, қарақалпақтан Күнқожа, қырғыздан Бекқожа, өзбектен Абдулла қожа қатынасады).

Мүсірәлі 1639 жылы Бұхар хандығының Тамдыбұлақ аймағындағы Керізбұлақ ауылында туған, Үргеніште оқыған, исламға шын берілген өте әулие адам болған. Тақуалығы мен сопылығына байланысты Әжіқожа, ал ұрпақтары Керейтқожа атанып кеткен. 1721 жылы 82 жасында өмірден өтіп, белгілі әулие Баба Түкті Шашты Әзиздің жанына жерленеді.

Оның баласы Қасымқожа да пір болған. Ал немересі – Көне Үргеніште оқыған, қажылыққа барған Әбужәлел 1726 жылғы Ордабасындағы Құрылтайда біріккен қазақ қолының пірі, рухани көсемі болып сайланған.

«Сұпылар тіршілік өмірде қандай ғылым деңгейінде болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап іздеген Идрис Шах сұпылар деңгейін былайша сипаттайды. «Есть три качества, которые появляются у человека в следствии суфийской специализации:

1. Способность к высшим формам восприятия достигаемая с помощью созидательных усилий.
2. Способность к перемещению тела независимо от его массы.
3. Мгновенное восприятия знания. Обычно это способность приобретается с трудом, но они получают ее в результате озарения или с помощью интуиции.

...Преодолев все эти уровни, человек достигает той стадии, о которой можно сказать, на ней он получает возможность самостоятельно летать по воздуху» [7].

«Бекет Атаның сұпылық дәрежесі өте жоғары болғаны анық. Оның Оғыландыдағы жерасты мешітінің намаз оқитын бөлмесіндегі (кіргеннен кейін сол жақтағы бөлме) михраб ернегіндегі үш саты осыны меңзейтін сияқты. Бекет Атамыздың сұпылық ілімді уағыздаушы ұлы тұлғалардың бірі болғанына ешкім шек келтіре алмайды.

Жерасты мешітінің оң жақ баурайындағы 1780-1810 жылдар арасында жерленген марқұмдардың құлпытастарында «Бекет сұпының шәкірті»,

«Бекет сұпының баласы», немесе «жиені» деген жазулар бар. Бұл жазулар Атаның көзі тірісінде жазылған, демек, оның ақиқаттығына еш күмән келтіруге болмас» [8] – дейді зерттеуші-ғалым Базарбай Әбдірахманов.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ел ұраны – Пір Бекет. «Ар.kz.» газеті. № 5. 19 наурыз 2010 жыл.
2. Қоңдыбай С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы, 2007. 100-б.
3. Әзірханов Б. Пір Ата. «Бекет Ата» кітабынан. Алматы, 2008. 100-б.
4. Идрис Шах Суфизм. Москва. 1994 г. С.80.
5. Ахмад Қ. Тасаввуф. «Ислам ақиқаты» газеті. №3. ақпан 1998.
6. Әзірханов Б. Пір Ата. «Бекет Ата» кітабынан. Алматы, 2008. 104-б.
7. Идрис Шах Суфизм. Москва, 1994 г. С.185.
8. Әбдірахманов Б. Діни-ғылыми еңбектері зерттелсе... «Маңғыстау» газеті. 10 маусым 1999 жыл.

В статье рассматривается религиозная и научная деятельность видного ученого-богослова, представителя суфийского течения исламской религии святого Бекет Ата. В памяти казахского народа он навсегда остался как великий ученый-просветитель, зодчий и целитель.

In clause the religious and scientific activity of the outstanding religious scientist, the representative of Sufi schooling saint Beket ata is considered. In memory of the Kazakh people he forever has remained as religious scientist, architect and medicine-man.